

**6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы  
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіналу үшін  
«Болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-  
әрекетін қалыптастыру» тақырыбы бойынша ұсынылған Септемирова  
Аяулым Жомартқызының диссертациялық жұмысына ғылыми  
кеңесші, педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор А.А. Жолдасбековтың**

**П І К І Р І**

Қазіргі кезде креативті-шығармашыл, кәсіби құзыреттілігі мен адами көзқарасы қалыптасқан жаңашыл, интеллектуалды, креативті тұлғаларға сұраныс көп. Соған орай ЖОО-дан кейінгі білім беру жүйеі болашақ магистранттардың ынталылық, инновациялық, мобильдік, икемділік, динамизм және жан-жақтылық сияқты жаңа қырларын қалыптастыруды, креативті ойлай білетін, креативті-шығармашыл тұлға тәрбиелеуді көздейді. Адамның өзгермелі өмірлік жағдаяттарға жылдам бейімделе алуына мүмкіндік беретін креативтілік мәселесін және кәсіби қалыптасу сипатын зерттеу педагогика ғылымының негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр.

Диссертант А.Ж. Септемированың зерттеуі педагогикалық бағыттағы болашақ магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастыруға арналған және білім беру саласындағы өзекті мәселелерге ғылыми тұрғыда негізделіп жазылған – құнды жұмыс.

А.Ж. Септемирова диссертация жазу барысында зерттеуді 3 кезеңде жүргізген. Әрине бұл біршама уақытты алды, дегенмен ең бастысы жұмыс нәтижелі аяқталды.

Болашақ магистрлерді жоғары оқу орнынан кейінгі дайындау, шеберлігін арттырып, теориялық білімі мен біліктілігін ғылыми тұрғыда дамыту, үнемі өзгеретін жағдайдағы сансыз міндеттерді шешу, өз қажеттілігі мен мүдделерін жүйелеп бағалау, басқа ақпарат көздерін табу, тың шешім қабылдау, креативті сапасын дамытуды инновациялық білім мен технологияны меңгерген, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан, кәсіби-педагогикалық біліктілік деңгейі, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, рухани тұрғыдан дамыған, білім беру саласындағы инновациялық процестерді жүзеге асыруға қабілетті креативті үштілді магистр іске асыра алады. Диссертацияның бірінші, яғни, «Болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекеттерін қалыптастырудың теориялық негіздері» бөлімінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың креативтілігін қалыптастырудың теориялық алғышарттары, болашақ магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісіндегі педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастырудың ерекшеліктері және болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі қарастырылған.



Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісіндегі педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті тұлғалығының дамуы, сапа ретінде қалыптасуы, яғни іс-әрекетте жаңа идеяларды өзбетінше жүзеге асыру қабілеті мен шығармашылық қабілеттерінің жоғары деңгейіне жетудегі олардың білім беру үдерісінің субъектілеріне айналуы қоғам болып табылады. Соңғы уақытта креативтілік жаңа дағдыларды іске асырушы, әрі индивидтің жаңа ұғымдарды жүйелеуші, шығармашылық қабілеттіліктің құрамын бейнелеуші ретіндегі интеллекті деп бөліп қарастырылуда. Кез-келген ғылыми жұмыстың құндылығының артуы оның шынайылық сипатқа ие болуында. Мұны, А.Ж. Септемированың зерттеу еңбегінің «Болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекеттерін қалыптастырудың әдістемелік негіздері» атты екінші бөлімінде көз жеткіздік. Болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекеттерін қалыптастыруың педагогикалық шарттары және оны жүзеге асыру , магистранттардың креативті іс-әрекеттерін қалыптастыру әдістемесінің мазмұны, педагогикалық бағыттағы магистранттардың креативтілігін қалыптастыру динамикасын тәжірибелі – эксперимент бойынша тексерілген

Тағы да бір ерекше атап өтерлігі, ғылыми жұмыста ауқымды материалдар қарастырылған. Яғни, диссертанттың ізденісі – бұл жұмыстың сөзсіз артықшылығын көрсетеді. Ғылыми зерттеудің құрылымы, мақсаты мен міндеттері дәл белгілеген және диссертант негізгі нәтижеге қол жеткізген. Септемирова Аяулым Жомартқызы зерттеуші ретінде қорытындылардың дербестігімен, осы дереккөздерді объективті бағалауға деген ұмтылысымен, материалды іріктеудегі мұқияттылығымен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысы барысында А.Ж. Септемирова өз-өзін ақпаратты терең және жан-жақты талдап, жинақтап қана қоймай, ғылыми жаңалығы бар өз қорытындыларын негіздей алатын, қалыптасқан зерттеуші ретінде көрсетті. Диссертация нәтижелері Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар, ғылыми басылымдар мен "Scopus" халықаралық деректер базасында индекстелетін ғылыми журналда жарияланып, дәлелденген.

Қорыта келгенде, Диссертант Септемирова Аяулым Жомартқызының «Болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің диссертациялық жұмыстарына қойылатын барлық талаптарына жауап береді. Және диссертациялық жұмыс ғылыми жаңалығымен, теориялық және практикалық маңыздылығымен ерекше. Сондықтан бұл жұмысты 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми кеңесші:**  
**педагогика ғылымдарының докторы,**  
**М.Әуезов атындағы Оңтүстік**  
**Қазақстан университетінің**  
**профессоры:**



**А.А. Жолдасбеков**